



«Бекітемін»

Мектеп директоры: К.С.Байғалиев

«К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ-нің  
2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие жоспары

**Мақсаты:**

- оқушылардың Қазақстандық ұлтжандылығы мен азаматтығын қалыптастыру;
- оқушылардың үйлесімді жан-жақты тұлғасын дамыту;
- жоғары мәдениетке және шығармашылық әулетке ие адамды тәрбиелеу

**Міндеттері:**

- оқушылардың өзіндік дамуы мен өзіндік айқындалуын педагогикалық қолдау жүйесін жетілдіру;
- әр оқушының шығармашылық қабілеттерін оңтайлы ашу үшін жағдайлар ашу үшін жағдайлар жасау
- оқыту семинарлары арқылы сынып жетекшілерінің кәсіби шеберлігін арттыру;
- баланы тәрбиелеуде ата-аналар мен педагогтардың өзара әрекеттесуін кеңейту;
- оқушыларда бастамашылдықты және дербестікті тәрбиелеу;

1 қыркүйек Білім күні

Қыркүйек Тілдер айлығы

1-10 қыркүйек Жол –көлік жарақаттарын алдын алу онкүндігі

№	Іс-шара	Формасы	Мерзімі	Жауапты
	Бағыты	«Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие»		
1	Білім күні «Кел, балалар, оқылық»	Тізіліс 1-сыныптар	1-қыркүйек	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

<b>Бағыты</b>		<b>«Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие»</b>		
1	Білім күні «Кел, балалар, оқылық» «Тәуелсіздік жетістіктері»	Тізіліс 1-сыныптар Сынып сағаттары 2-10 сынып	1-қыркүйек	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер
2	«Қамқорлық» Мектепке жол акциясын ұйымдастыру	Акция	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі
3	«Менің құқығым мен міндеттерім» тәрбие сағаттары, танымдық бейнефильмдер көру	Бейнефильм көрсету Сынып сағаттары		
4	«Құқық бұзушылықтың алдын алу-басты міндет	Сынып сағаттар Кездесулер	Жыл бойы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж.Тагаева
5	Қамқоршылық кеңесінің отырысын өткізу	Отырыс	Қыркүйек Қаңтар	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж.Тагаева
<b>Бағыты</b>		<b>Отбасылық тәрбие</b>		
6	«Отбасы – бақыт мекені» Республикалық іс- шараға қатысу	Онлайн	Қыркүйек	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер
<b>Бағыты</b>		<b>Дене тәрбиесі</b>		
7	«Жеке бас тазалығын сақтау-	Таным сағаты	Жыл бойы	Кабыкенов М.С

	тұмаудан сақтанудың басты жолы» алдын алу шаралары			Сынып жетекшілер
<b>Бағыты</b>		<b>Ұлттық тәрбие</b>		
8	«Туған тілім- таусылмайтын бұлағым» атты 10 күндік	10 күндік	Қыркүйек	Гуманитарлық пән бірлестігі Бастауыш сынып бірлестігі
1-қазан Қарттарды құрметтеу күні 3-қазан Ұстаздар күні Т.Әбдірахманованың 100 жылдығы Ы.Алтынсариннің 180 жылдығы				
<b>Бағыты</b>		<b>Рухани адамгершілік тәрбие</b>		
9	«Қарттарым- асыл қазынам»	Сынып сағаттары	Қазан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж.Тагаева Мектеп тәлімгері А.О.Мадыбаева
10	«Ұстаз- мектептің жүрегі» құттықтау бейнеролигі	Мектепішілік	Қазан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж.Тагаева Мектеп тәлімгері А.О.Мадыбаева
<b>Бағыты</b>		<b>Көпмәдениетті және көркем- эстетикалық тәрбие</b>		
11	«Күз-береке,күз-мереке»	Сынып сағаттары	Қазан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж.Тагаева

				Мектеп тәлімгері А.О.Мадыбаева Сынып жетекшілер
<b>Бағыты</b>		Ұлттық тәрбие		
12	Т.Әбдірахманованың 100 жылдығы мерейтойы аясында іс-шаралар	Қазан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж.Тагаева Мектеп тәлімгері А.О.Мадыбаева Сынып жетекшілер	
13	Ы.Алтынсариннің ғибратты әңгімелерінің көрсетілімі  «Ы.Алтынсариннің мол мұрасы» танымдық сағаты	Қазан	Кумарсагитова К.К Сынып жетекшілер	
<b>Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру</b>				
1 желтоқсан - Тұңғыш Президент күні 16-17 желтоқсан - Тәуелсіздік күні Жаңа Жылдық іс-шаралар				
14	1 желтоқсан - Тұңғыш Президент күні		Сынып жетекшілер	
15	«Тұғыры биік Тәуелсіздік»		Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж.Тагаева Мектеп тәлімгері А.О.Мадыбаева Сынып жетекшілер	
Еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие				

16	«Менің Тәуелсіз елге тартуым»		Бейсенбин Б.Ғ
<b>Отбасылық тәрбие</b>			
17	«Жаңа жыл-жаңа жыр»		Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж.Тагаева Мектеп тәлімгері А.О.Мадыбаева Сынып жетекшілер
<b>Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты</b>			
18	«Қыз тәрбиесі – ұлт болашағы» денсаулықты сақтау бойынша кездесу	<b>Қаңтар</b>	Кабыкенов М.С Сынып жетекшілер
<b>Рухани зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі</b>			
19	«Оқырман ұлт» атты кітап оқу жобасы	Жыл бойы	Сынып жетекшілер Кумарсагитова К.К
<b>Рухани-адамгершілік тәрбие</b>			
20	“Өзін-өзі тану: Махаббат пен Шығармашылық” атты онкүндігі шаралары	<b>Ақпан</b>	Пән мұғалімдері
<b>НАУРЫЗ</b>			
1 наурыз – алғыс айту күні			
8 наурыз – халықаралық әйелдер күні			
21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы			
27 наурыз – дүниежүзілік театр күні			
<b>Рухани-адамгершілік тәрбие</b>			
21	«Ізгіліктің бір ізі-алғыс айту» алғыс айту күніне	<b>Наурыз</b>	Директордың тәрбие ісі жөніндегі

	қайырымдылық, танымдық шаралары		орынбасары Г.Ж.Тагаева Мектеп тәлімгері А.О.Мадыбаева Мектеп психологі А.М.Канашева
<b>Көркем-эстетикалық тәрбие</b>			
22	«Сыйынар ем ана деген тәңірге» мерекелік концерт	<b>Наурыз</b>	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж.Тагаева Мектеп тәлімгері А.О.Мадыбаева Сынып жетекшілер
23	«Ұлыстың ұлы күні - Наурыз»	<b>Наурыз</b>	Сынып жетекшілер
<b>Сәуір</b>			
<b>Қ. Сәтбаевтың 122-жылдық мерейтойына арналған іс-шаралар</b>			
24	<b>Денетәрбиесі, салауатты өмірсалты</b> «Темекіден,насыбайдан аулақ бол» алдын алу шаралары	<b>Сәуір</b>	Кабыкенов М.С Сынып жетекшілер
<b>Еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие</b>			
25	«Экосенбілік» науқаны (айналаны абаттандыру шаралары)	<b>Сәуір</b>	
<b>МАМЫР</b>			
<b>1 мамыр–Қазақстан халықтарының бірлігі күні</b>			

	<p>7 мамыр – Отан қорғаушылар күні  5 мамыр – 5 маусым «Мен өмірді таңдаймын» науқаны  9 мамыр- Жеңіс күні  31 мамыр–Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні</p>		
<p><b>Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие,  Құқықтық тәрбие; ұлттық, отбасылық тәрбие</b></p>			
26	Қазақстан халықтарының бірлігі күні (жеке жоспар)	<b>Мамыр</b>	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
27	«Мен әкемді мақтан етемін» атты Отанқорғаушылар күніне арналған әкелерді құттықтау шаралары.	<b>Мамыр</b>	Г.Ж.Тагаева Мектеп тәлімгері А.О.Мадыбаева Сынып жетекшілер
28	«Сапта жүріп ән айту» мектепішілік әскери-патриоттық сайысы	<b>Мамыр</b>	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж.Тагаева АӘД жетекшісі Калиев К.А Мектеп тәлімгері А.О.Мадыбаева Сынып жетекшілер
<p><b>Рухани-адамгершілік тәрбие</b></p>			
29	«Ұрпақтар ұмытпайтын Ұлы Жеңіс» 9 мамыр күніне арналған шаралар (жеке жоспар)	Мамыр	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж.Тагаева АӘД жетекшісі

			Калиев К.А Мектеп тәлімгері А.О.Мадыбаева Сынып жетекшілер
<b>Еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие</b>			
30	«Менің гүлзарым» мектеп алдын көгалдандыру акциясы	Мамыр	Тоқтасынова П.П Сынып жетекшілер



## «К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ бойынша 2021-2022 оқу жылында атқарылған тәрбие жұмыстарының сараптамасы

Тәрбие жұмысы ҚР Білім және ғылым министрлігі 2015 жылғы 22 сәуірдегі No227 бұйрығымен бекітілген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің» 8-бағыты бойынша жүргізілді.

Мектептің тәрбие бағыты бойынша өзекті тақырыбы: *«Тәрбие процесінде бәсекеге қабілетті мәдениетті білімді тұлғаны қалыптастыру»*

**1. «Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие».** Мақсаты: әртүрлі өмір салаларында белсенді көрініс арқылы азаматтық сана-сезімді тәрбиелеу; балалар бастамаларына қолдау көрсету арқылы көшбасшылықты қолдау; азаматтық белсенділікті және кіші Отан тағдыры үшін жауапты сезімді күшейту. білім алушылардың бойында патриотизм мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру мен Отанға ұтымды және эмоционалдық қарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар ұлтжанды азаматты қалыптастыру. Бұл бағыт бойынша оқушылардың әлеуметтік жағдайын анықтау мақсатында санитарлық талаптарды сақтай отырып, ата-аналармен әлеуметтік жағдайларын сынып жетекшілер, профилактикалық рейд жүргізілді. Нәтижесінде оқуға қамтылмаған, сабаққа келмей отырған оқушылар жоқ.

1 қыркүйек Білім күні «Тәуелсіздік жетістіктері» атты тәрбие сағаты өткізілді. «Бала құқығы – адам құқығы» айлығы аясында сынып оқушыларына «Құқық сабақтары – өмір сабақтары» тақырыбында сынып сағаттары өтті. 1-желтоқсанда 1-сынып оқушылары «Жас қыран» және 5-сынып оқушылары «Жас қанат» қатарына салтанатты түрде қабылданды.

### **II. Рухани-адамгершілік тәрбиесі**

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормалары мен және дәстүрлері мен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру. Ұстаздар күні мерекесіне орай суреттер сайысы, құттықтау қағаздарын тарату, салтанатты кеш өткізілді. Оқушылар өз қолдарымен жасаған бұйымдарын, парақшаларын ұстаздарына сыйлап, тілектерін білдірді. «Ұстаз-мектептің жүрегі» атты мерекелік кеш өткізілді. «Ұстазым- менің ұстазым» атты видео құттықтаулар әлеуметтік желілерге жіберілді. Адамгершілік, имандылық қасиеттерін бойына ұялатқан эстетикалық талғамы мен мәдениет өрісі жоғары тұлға тәрбиелеу. Жалпыадамзаттық Құндылықтар күніне арналған іс-шара жоспары бойынша «Сүйіспеншілік – әрбір жүреkte» тақырыбында 5-8 сынып оқушылары эссе жазды, мектеп психологы А.М.Канашеваның «Сүйіспеншілік – өмір негізі» атты тренинг өткізіп, шаттық шеңберін ұйымдастырды. Мектеп парламенті мүшелері жоғары сынып оқушыларымен «Алтынжүрек» челленджін ұйымдастырды.

### **III. Ұлттық тәрбие**

Қазақстан Республикасының мәдени құндылықтары негізінде ұлттық мәдени мұраны танып, халықтық педагогика құндылықтарынан тағылым алуды және үйренуді, дамытуды жетілдіру мақсатында оқушыларға тәрбие берілді. Оқушылармен жүргізілген ұлттық тәрбие, халықтық педагогиканы қалыптастырудағы іс-шаралар оқу жылының қыркүйек айынан бастап жүргізілді. Гуманитарлық пәндер бірлестігі «Туған тілім-таусылмайтын бұлағым»

атты онкүндік өткізді. «Қариялы ел-қазыналы ел» қарттарға көмек көрсету, «Отбасындағы бала тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері» сынып сағаттары, «Елін қорғаған батыр аталар» бейнефильмдер, мультфильмдер топтамасын көру, «Рухы жоғары халықтың тарихы мәңгілік» атты «Ұлы дала мұрасы өлкенің тарихи жәдігерлерімен таныстыру сабағы «Қош келдің, Наурыз!» сынып сағаттары, ««Наурыз кәдесі» күніне орай 1-4 сынып оқушылары қазақ халқының ұлттық нақыштағы ойыншықтарын бір-біріне сыйлыққа тарту дәстүрі көрсетілді және бір-бірін Наурыз мерекесімен құттықтады. Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесіне орай «Көктем аруы-2022» байқауы өтті 9,11- сынып оқушыларына негізгі орта білім туралы аттестатты беру үшін «Сәт сапар, жас түлек» салтанатты кеші ұйымдастырылып, оқушыларды ақ тілекпен ата-аналары мен ұстаздары құттықтады.

#### **IV Отбасы тәрбиесі**

Отбасы тәрбиесі арқылы өз туыстарыңның кемшіліктеріне шыдамдылық көсетуге, өзін отбасының тең құқылы бір мүшесі ретінде сезіну мақсатымен бағытталған. Бұл тәрбиенің арқасында жанұядағы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас нығая түседі. Отбасымен тығыз қарым-қатынаста болу мақсатында мектепішілік ата-аналар жиналысы өтті, онда балалардың оқу үлгерімі тәртібінен басқа ата-аналардың пікірлері, ұсыныстары талқыланды. «Тәрбиенің ең тамаша мектебі- отбасы» тәрбие сағаттары, «Мейірімділікке бастар ғажайып әлем» мерекесі, «Ана өмірдің шуағы» аналарды құттықтау мерекесі, «Шаңырақ шуағы» отбасылық байқауы өтті.

«Алдымен сүй-ардақта ата-анаңды» «Ана өмірдің гүлі» т.с.с. тақырыптар аясында 1-9 сынып оқушылары арасында тәрбие сағаттары өткізілді. «Отбасы күні» бірыңғай күн аясында «Отбасы - бақыт мекені» тақырыбында тәрбие сағаты, «Ана бақыты-бала бақыты» тақырыбында видеоролик, Отбасылық құндылықтарды нығайту мақсатында өткен «Отбасы күні» және «Қазақстандағы Аналар күні» бірыңғай күні аясында мектеп оқушылары өздерінің жүрекжарды тілектері мен өлеңдерін видео арқылы білдірді. «Қазақстандағы Аналар күні» атты бірыңғай күн аясында «Мен анамды пір тұтамын» тақырыбында өлеңдерді мәнерлеп оқу челленджі, бастауыш сыныптар арасында «Менің Анам – алтын» тақырыбында жас суретшілер конкурсы мен 3-4 сынып оқушылары осы өткен іс-шаралар бойынша оқушылар марапатталды.

#### **V. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.**

Еңбек қызметінің сан алуан түрлеріне жауапкершілікпен қарауға ұмтылдыруға, табиғаттың адам өміріндегі маңызын түсінуге, табиғаттың тылсым сырына үңіле бастауына үлкен үлес қосатын бағыттың бірі.«Алтын күз-2021» видеоролик дайындап, «Күзгі пейзаж» сурет көрмесі өтті. «Мен теңгені үнемдеймін» суреттер байқауы, «Баланың отбасындағы еңбек тәрбиесі» ата-аналардың қатысуымен тәрбие сағаты, «Тұрмыстық қалдықтарды қайта өмірге әкелу» пікірсайысы, «Балалар қауіпсіздігін сақтайық» практикалық тәрбие сағаттары, «Жалған қоңырау шалу салдары» тәрбие сағаттары, «Бір реттік ыдыстар» пайдасы мен зияны» атты дебат өтті.

#### **VI. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие**

Мақсаты: Тұлғаның жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру. «Балалық шақ – мейірімділік мекені» қатыгездіктің алдын алуға бағытталған шаралар, «Сәндік қолөнер» үйірмесі қатысушыларының көрмесі, «Менің отбасымның құндылықтары» қолөнер байқауы (күнделікті тіршіліктегі лайфхак) «Шеберлер қаласы» байқау-сайысы (күнделікті тіршіліктегі лайфхак), «Саналы ұрпақ-жарқын болашақ» зияткерлік ойыны, «Көктем келді!» сурет көрмесі, Халықаралық отбасы күніне арналған фото көрме өткізілді.

«11 қазан – Халықаралық қыздар күніне» «Көрікті бұрым» атты 5-9 сынып қыздарының аралығында шаш өру конкурсы өтті. Бастауыш сынып оқушылары «Мен қанадаймын тақырыбында суреттер сайысына қатысты

### **VII Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі**

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру. Осы мақсатты жүзеге асыруға бағытталған «Әлеуметтік желідегі сөйлесу мәдениеті», «Баланың компьютермен жұмысы барысында шаршағанды басатын ұсыныстар», ақпараттық және киберқауіпсіздікке байланысты шаралар өткізілді. «Мектепке қажет лайфхактар» жәрмеңкесі «Оқырман ұлт» атты кітап оқу жобасы, «Үздік видео оқу» ғаламтор желісіндегі кітапты оқу сайысы нәтижесінде 5-сынып оқушысы Танысбай Ансар аудандық сайыстан і орын иегері.

«Жер ортақ мекен» асфальтта сурет салу «Алтын адам – біздің тәуелсіз мемлекетіміздің игілігі» тақырыбындағы үздік шығарма сайысы «Қош келдің, Жаңа жыл!» тақырыптарымен ертеңгілік және мерекелік кеш өтті.

### **VIII. Дене тәрбиесі мен салауатты өмір салты**

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату. «Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты» салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу үшін кеңістік құрады.

«Денсаулық фестивалі-2021» спорттық жарыстар, «Тоғызқұмалақ-fest» турниры, «Денсаулық марафоны» қозғалыс ойындары, мектеп жоспары бойынша футбол бойынша жарыстар, «Жігерлі ұлт» асық ату эстафестасы, «Жеке бас тазалығын сақтау-тұмаудан сақтанудың басты жолы» алдын алу шаралары, «Туберкулез-қатерлі ауру» алдын алу шаралары бойынша «Дүниежүзіндегі туберкулезбен күрес» тақырыбында 5-9 сынып оқушыларына сынып жетекшілер мен медбике дөңгелек үстел өткізіп, диктанттар алды және видеороликтер көрсетті. «Темекіден, насыбайдан аулақ бол» алдын алу шаралары, «Газдалған сусындар мен тәттілер әңгімесі» салауат сабағы, жарақаттанудың алдын алу бойынша шаралар, «Судағы қауіпсіздік ережесі мен жүріс-тұрыс қағидалары»,

«Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқанында «Жасөспірімдердің қауіпсіз жыныстық дамуы» тақырыбымен 8-9 сынып қыздарына медбике Б. Куйканова қыздар жиналысын өткізді. «Сарып және құтырма ауруының алдын алу» бойынша медбике 3-9 сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстарын, 4-9 сыныптар аралығында диктант алынды.

Тәрбие ісінің меңгерушісі: Г.Ж.Тагаева